

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Қандай доп? 1 сынып қазақ тілі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
20.02.2020

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/69323/>

Сабақ № 4. «Қандай доп?»	Қ.Өскенбай атындағы Қима орта мектебі		
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні: Ибраева Г.Т.		
1-сынып	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:	
Сабақ мақсаты:	Сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану.		
Күтілетін нәтиже:	<p><b>Барлық оқушылар:</b> Түстерді (ақ,қара,қызыл,сары,жасыл,қоңыр,көк) атай алады және түстерді сабақта меңгерген зат атауларымен байланыстыра қолдана алады (қызыл қарындаш, жасыл доп).</p> <p><b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Қандай?сұрағына түс атауларын қолданып сұраққа дұрыс жауап бере алады. Қандай да бір заттың түсін атай алады.</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> Басқа да түстер қатарын атай алады, оларды өмірлік жағдаятта еркін қолдана алады.</p>		
Сабақ барысы			
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс		Ресурстар
Сабақтың барысы (1-6) минут	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі.</b>          Амандасу. Психологиялық дайындық. Сыныпты түгендеу.Сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл күй қалыптастыру. (Оқушылар ортақ шеңбер құрып, ынтымақтастық орта құрайды).  <i>Ақпыз, сары, қарамыз          Бәріміз де баламыз,          Бір ауылда тұрамыз,          Бір мектепке барамыз!</i></p>		<b>Интербелсенді тақта.</b>

<p>Өткен тақырыптар-ды қайталау (сұрақ-жауап)</p> <p>Сабақтың ортасы (7-35 минут)</p>	<p>-Балалар, бұл не? -Бұл – кітап (дәптер, қалам, қарындаш, сызғыш, текше, доп). -Карина, маған кітап берші. -Міне, ал! -Никита, маған текше берші. -Міне, ал. -Рақмет!</p> <p><b>Жаңа сабақ:</b> 1. Бейнесюжет көрсету. -Балалар, бұл видео не туралы? -Түстер туралы. -Қандай түстерді білесіңдер? -Қызыл, жасыл, сары, көк, қоңыр, т.б. -Бұл не? -Бұл – доп. -Ендеше балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қандай доп?» «Доп – Мяч — boll».</p> <p><b>2-тапсырмада</b> оқушылар түстерді басқа заттармен байланыстыра қолдануды үйренеді. Берілген үлгі бойынша доп туралы айтады. Үлгі: Бұл-сары доп. Бұл-қызыл доп.</p> <p><b>3-тапсырма:</b> <b>Тыңда. Оқы. Қайтала. Аудар.</b> <i>Үш қызыл доп. Бес сары доп. Жеті жасыл доп. Екі ақ доп. Үш қара доп.</i></p> <p><b>Сергіту сәті:</b> білетін өлең-тақпақтарды қайталайды. Қолды белге қояйық, басты оңға бұрайық! Басты солға бұрайық! Бір отырып, бір тұрып, Бір демалып алайық!</p> <p><b>4-тапсырмада</b> оқушылар жұппен жұмыс істейді. Берілген үлгі бойынша екі бала сөйлеседі. Ол үшін мен алдын ала екі-үш түсті доп немесе қарындаш, текше дайындап қоямын. Бірінші оқушы доптардың қасында тұрады, екінші бала оның қасына келеді. Олар бір-бірімен амандасады. Содан кейін екінші бала бірінші баладан қандай да бір түсті доп беруін сұрайды. Бірінші бала оған сол допты алып береді (Міне, ал). Екінші бала оған рақмет айтады. Үлгі: -Сәлем! -Сәлем! -Маған сары доп берші! -Міне,ал. -Рақмет!</p> <p><i>Балалар сурет арқылы есеп шығарады.</i> <b>5-тапсырма: «Неше болады?» ойын. ( Сандармен жұмыс).</b> Үш доп + екі доп = ? Екі текше + төрт текше = ? Үш қарындаш + төрт қарындаш = ?</p> <p>Дәптердегі тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар оқулықпен жұмыс барысында алған білімдерін бекіте түседі.</p>	<p><b>Түстер туралы бейнесюжет.</b></p> <p>№ 1 жұмыс дәптері.</p>
---	---	---

Сабақтың соңы: (40-45 минут)	<b>Кері байланыс:</b> <b>«Арқан тарту» ойын арқылы сабақты бекіту.</b> -Бұл қандай доп? -Бұл – ақ (қара, қызыл, сары, көк, қоңыр) доп. -Меңде қоңыр доп бар. -Маған қоңыр доп берші. -Міне, ал. -Рақмет! -Жарайсыңдар, балалар! -Сабақ аяқталды, сау болыңдар!	
------------------------------	---	--

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.